



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

СӨЗ ТУДЫРУШЫ ЖҰРНАҚТАР АРҚЫЛЫ ЖАСАЛҒАН ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕГІ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТЕРМИНДЕР

Асхатова Фариза Ерденқызы

fariza_20@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Түркітану кафедрасының магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., доцент Г.А.Бегимова

Терминдік лексикадағы сөз тудыру мәселесі лексиканың басқа топтарынан өзіне тән өзгешелігімен сараланады. Осы факторларды терминологиялық лексиканы айқындауда ескерусіз қалдыруға болмайды. Практикалық терминдер жасау процесін терминологияға қатысты, соған тән сөз тудыру механизмдерін жақсы білмей тұрып, оны түсіндіруге болмайды.

Қазақ және түрік тілдеріндегі құқықтық терминдер сөз тудырушы жұрнақтар арқылы синтетикалық сөзжасамдық тәсіл арқылы да жасалады. Ғалымдар дәстүрлі грамматикада барлық сөз таптары арқылы синтетикалық тәсіл арқылы сөз жасалатынын көрсетеді. Н. Оралбаеваның “Қазақ тілінің сөзжасамы” деген еңбегінде барлық сөз таптарының синтетикалық сөзжасамы толық әрі терең талданған [1, 47 б.].

Термин – ерекше лексикалық құбылыс. Оны қолданушы топ сапалы түрде тәртіптеп, ретке келтіріп отырады. Сондықтан бір сөзді белгілі бір ғылым өкілдері термин ретінде қабылдап, қолдана бастаса, ал сол сөздің мағынасы кәсіпке қарай ыңғайланады, сонымен шектеледі (моносемантизденеді). Терминдердің өзіне тән грамматикалық, сөз тудырушылық ерекшеліктері бар, жаңа терминдер жасау үшін сөздердің тіркесуі (азаматтықтан айыру, vatandaşlığın kaybı), жұрнақ жалғану (sav-cı, қорғау-шы), қысқару осы сияқты жалпы тілдік грамматикалық механизмдердің қолданылатыны рас.

1. қазақ тілінде –шы, -ші түрік тілінде оған сәйкес –сі, -сі, -су, -сү, -сі, -ші, -си, -сү сөз тудырушы жұрнақтары арқылы жасалған құқық терминдері, кәсіп иелерінің я мамандықтардың атауларын, адамдардың белгілі бір дағдыға айналған іс-әрекеті мен қабілет-қасиеттерінің аттарын білдіреді.

-шы, -ші сөзжасамдық тұлғасы арқылы түркі тілдерінде көптеген жаңа сөздер жасалатынын түркітанушы ғалымдар көп зерттеген болатын.

А.М. Щербактың зерттеулерінде бұл “аффикс іс істеушінің әрекетін, немен айналысатынын, немен шұғылданатынын, әлеуметтік жағдайы мен тұратын жерін білдіретін мағына қосады” [2, 52 б.].

Түрік және қазақ тілдеріндегі бұл аффикс арқылы төмендегі құқықтық терминдер жасалады. Негізгі мағынасы - кісінің мамандығы.

Hukukçu - құқықтанушы, заңгер, заңшы

Milliyetçi - ұлтшыл

Davacı – арыз беруші, шағым айтушы, даугер

Besletici - асыраушы

Gümrükçü - кеден қызметкері

Savcı - қорғаушы

Koruyucu - қорғаушы

Adliyeci – заң қызметкері

İdareci – іс жүргізуші, саяси басқарушы

Cumhuriyetçi - республикашыл

Sorgu yargıcısı – тергеуші

Yağmacı- қарақшы

Vurguncu – алып-сатушы

Şeriyuatçı - шариғатшы

Оралман –mülteci

Kışkırtıcı – азғыртушы
 Kurucu – құрылтайшы
 Vasiyetçi – өсиетші
 Kundakçı – қаскүнемші
 Bilirkişi – сарапшы, эксперт
 Arabulucu, uzlaştırıcı – татуластырушы
 Hizmetçi – қызметші
 Dolandırıcı, dalaverici, yankesici – ұсақ алаяқ
 Temsilci – өкіл
 Alaverici – алып-сатушы
 Birlikte davacı – бірлесе қуынушы
 2. түрік тіліндегі -ма, -ме сөз тудырушы жұрнақтары барлық етістіктердің түбіріне жалғанып іс-әрекеттің атауын білдіреді. –ма, -ме жұрнақтары қазақ тіліндегі етістіктерден зат есім тудыратын –у жұрнағына сәйкес келеді. Бұл жұрнақ қазақ тілімен салыстырғанда, түрік тілінде құқықтық терминдер жасауда белсенді жұмсалғанын байқауға болады.
 Yakalama, tutuklama – тұтқындау
 Alkoyma, elkoyma, durdurma – тұтқындау
 Cezalandırma - жазалау
 Tutulma - тұтқындалу
 Duruşma - талқылау
 Reddetme – бас тарту, қабылдамау
 Mahküm etme - соттау
 Silahlanma - қарулану
 Onaylama - бекіту
 Cezai sorumluluktan serbest bırakma – қылмыстық жауаптылықтан босату
 Soruşturma - тергеу
 Bildirme - хабарлау
 Dokunma – қол сұғу
 Katletme - өлтіру
 Çalma - ұрлау
 Zorlama - зорлама
 Vazgeçme – бас тарту
 Azmettirme – жұмыстан шығару
 Önödeme – алдын ала өтеу
 Yaralama – жарақаттау
 Belirleme – айқындау, тағайындау
 Kaydedilme – тіркелу
 İspatlama – дәлелдеу
 Mala zarar verme – мүлікке зиян келтіру
 Affetme – амнистияға ұшырау, жеңілдету
 Korkutma – қорқыту
 Қарусыздану - silahlanma
 Бекіту - onaylama
 Қол сұғу - dokunma
 Қарулану - silahlanma
 Тіркеу – kayıt уарма
 Хабарлау - bildirme
 Тоқтату, бас тарту – saydırma т.б.
 -шілік
 кемсітушілік – ayırım gözetmeme
 шапқыншылық – saldırı
 бәтуагершілік (концессия) – uzlaşma

-шілдік

нәсілшілдік – ırıkılık т.б.

3.түрік тіліндегі –ма, -ме сөз тудырушы жұрнақтар, қазақ тіліндегі

–м, -ым, -ім зат есім тудырушы жұрнақтарға сәйкес келеді және әр түрлі абстракт заттық ұғымдардың атауларын тудырады.

Келісім – anlaşma

Келісім шарт – antlaşma

Келіссөз – sözleşme (şirket esas sözleşmesi – заң тұлғасының жарғысы)

Кешірім – bağışlama

Келісім – uzlaşma

4.– name (қазақ тіліндегі эквиваленті –нама) сөз тудырушы жұрнағы екі тілге де ортақ. Иран (парсы, тәжік, ауған) тілдерінен енген бұл жұрнақ, үндестік заңына бағынбай, әуелгі қалпын сақтап отырады. Құқықтық әлемінде бүгінгі күнге дейін қалыптасқан формасында қолданылып келеді, құжат пен қағаздардың атауларын білдіреді.

Şartname – шартнама

Vasiyetname - өсиетнама

Ruhsatname – рұхсатнама

Tarihname – тарихнама

Vekaletname – сенімхат

Emirname – жазбаша бұйрық, жарлық

İddianame - айыптау тұжырымдамасы

Kararname – қарар (құжат ретінде), шешім

Adaletname - әділетнама

Şahadetname - куәлік

Takdirname – мақтау қағазы

Talimatname – нұсқау

Zabitname – хаттама

Nizamname – регламентация

5.түрік тіліндегі сөз тудырушы –daş, -taş жұрнақтарының қазақ тілінде –дас, -лас, -тас варианттары бар. Бірлік және ортақшылық мағынаны білдіреді.

Vatandaş – отандас

Sınırdaş – шекаралас

Yurttaş – отандас

Yandaş – тараптас, ізбасар

6.–кер(-гер) жұрнағы арқылы жасалған сөздер іс-әрекет иесінің атауы ретінде, адамзат есімдері есебінде қызмет атқарады. Оның түрік тіліндегі – kar варианты бар. Бұл сөз тудырушы жұрнағы арқылы мынадай құқықтық терминдер жасалады:

Sahtekar – жалған ақша жасаушы

Sınayetkar – қылмыскер

Günahkar - айыпкер

Dehakar – данышпан

Adavetkar - өшпенді

Atifekar – қолдаушы

Adaletkar - әділеткер

Tahripkar – зиянкес, зиянкер

7.ескі түрікшеде кең тараған -і жұрнағы қазіргі кезде бұрыннан қолданысқа еніп, қалыптасқан сөздерде ғана қолданылады. Қазақ тіліндегі

–дық, -дік, -тық, -тік, -лық, -лік сөз тудырушы жұрнақтарына сәйкес келеді.

Cezai (kanun) – қылмыстық (заң)

Hukuki (şahıs) – құқықтық (тұлға)

Hususi (hukuk) – жеке тұлғалық (заң)

İktisadi – экономикалық

Kanuni – заңдық
İstisnai – айрықшалық
Adli – соттық (сот жүйесіне қатысты)
Hazine-i – қазыналық
Arazi-i – аумақтық
Adli, kazai – соттық
Aleni – жариялылық
Sebri, mecburi - мәжбүрлі
Gayrikanuni – заңсыздық

8.-лық, -лік жұрнақтары қазіргі тілімізде ең белсенді сөзжасаушы тұлға ретінде белгілі. –лық, -лік жұрнақтарының қазақ тілінде -дық, -дік, -тық, -тік деген варианттары бар. Ал түрік тілінде тек –лік, -lik, -luk, -lük

(–lilik, –lülük) түріндегі сөз тудырушы жұрнақтар қолданылады. Абстракт ұғымды атау сөздер тудырады

Hükümlülük – заңдылық
Tutukluluk – қамаушылық
Vatandaşlık – отандастық
Yükümlülük – міндеттілік
Suçluluk – кінәлілік
Özgürlük – бостандық
Bağımsızlık – бағымсыздық, тәуелсіздік
Egemenlik – егемендік
Güvenlik – сенімділік
Haksızlık – хақсыздық, ақиқатсыздық
Hakemlik – төрелік
Sorumluluk – жауапкершілік
Dokunmazlık – қол сұқпаушылық
Dolandırıcılık – алаяқтылық
Kışkırtıcılık – азғыртушылық
İthamcılık – айып тағушылық (инкриминирование)

Kara borsacılık – алыпсатарлық (спекуляция)

Zararlılık – зақымдаушылық

Düzensizlik – тәртіпсіздік

9.қазақ және түрік тілдерінде –сыз (-сіз) жұрнағы заттың жоқтығын білдіріп, болымсыздық мағына үстейді. Соған сәйкес түрік тіліндегі варианттары -siz, -siz, -suz, -süz.

Haksız - ақиқатсыз

Sınırsız (hukuk)- шексіз (құқық)

Bağımsız – тәуелсіз

Suçsuz (kimse)– кінәсіз

Uyumsuz – сәйкессіз

Kanunsuz – заңсыз

Karşılıksız – өтеусіз (ешбір өтеусіз пайдалану)

Sebepsiz – себепсіз

Hudutsuz (hudutsuz hak, hudutsuz salahiyet) – шексіз (хақ, өкілет)

Faaliyetsizlik, hareketsizlik (cinayete sebep olabilecek bir faaliyetsizlik) – әрекетсіздік

Сонымен, екі тілдегі сөз тудырушы жұрнақтарды салыстыру мақсатында оларды мына кестеге түсірдік:

Қазақ тілінде Түрік тілінде

-шы, -ші –сі, -сі, -си, -сü, -çı, -çi, -çu, -çü

-у –ма, -ме

–м, –ым, –ім –ма, –ме

-нама – name

-дас, -лас, -тас –daş, -taş
-кер(-гер) -kar
-дық, -дік, -тық, -тік, -лық, -лік -i
-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік –lık, -lik, -luk, -lük (-lılık, -lülük)
-сыз (-сіз) -sız, -sız, -suz, -süz

Зерттеу жұмысындағы мысал ретінде салыстырыла берілетін терминдер Й.Текиннің «Анциклопедик хукук сөзлүү» [3], Е.Йылмаздың «Хукук сөзлүү»[4] және К. Коч, А. Байниязов, В. Башканның «Қазақша-түрікше сөздіктерінен» [5] алынды.

Сонымен, екі тілдегі сөз тудырушы жұрнақтарды салыстыру мақсатында оларды мына кестеге түсірдік:

Қазақ тілінде Түрік тілінде

-шы, -ші –сі, -сі, -си, -сü, -çı, -çi, -çu, -çü

-у -ма, -ме

–м, -ым, -ім –ма, -ме

-нама – name

-дас, -лас, -тас –daş, -taş

-кер(-гер) -kar

-дық, -дік, -тық, -тік, -лық, -лік -i

-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік –lık, -lik, -luk, -lük (-lılık, -lülük)

-сыз (-сіз) -sız, -sız, -suz, -süz

Көріп отырғанымыздай, зерттеуге алынған 9 түрлі жұрнақтардың 6-ы әр тілдің үндестік заңына бейімделсе де, екі тілге ортақ болып келеді: -шы/-сі; -нама /name; -дас/–daş; –кер/-kar; –лық/–lık; –сыз/ sız. Екі тілдегі жұрнақтардың осындай ұқсастығы бір бірінен алшақ жатқан қазақ және түрік тілдерінің түбі бір түркі тілдері екендігін көрсетеді. Көріп отырғанымыздай, зерттеуге алынған 9 жұрнақтың 6-ы әр тілдің үндестік заңына бейімделсе де, екі тілге ортақ болып келеді: -шы/-сі; -нама /name; -дас/–daş; –кер/-kar; –лық/–lık; –сыз/ sız. Екі тілдегі жұрнақтардың осындай ұқсастығы бір бірінен алшақ жатқан қазақ және түрік тілдерінің түбі бір түркі тілдері екендігін көрсетеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Оралбаева Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. – Алматы: Жалын, 2002, 213 б.
2. Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков. -Л.: (ИМЯ), 1977, 191 с.
3. Текин Й Анциклопедик хукук сөзлүү. -Анкара, 2007,431 б.
4. Йылмаз Е. Хукук сөзлүү. - Анкара, 2006,862 б.
5. Коч К., Байниязов А., Башкан В. Қазақша-түрікше сөздік. – Анкара: Акчаг йайынылары, 2007,679 б.

ӨОЖ 398.221 (=512.161)

«ҚИССАС-УЛ ӘНБИЯ» ЕСКЕРТКІШІНДЕГІ ЗАТ ЕСІМНІҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ КАТЕГОРИЯЛАРЫ ЖӘНЕ ТҮРЛЕНУ ЖҮЙЕСІ

Әділханова Әсел Маратқызы

adilkhanovaa@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Түркітану кафедрасының студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., доцент Г.А.Бегимова

XIV ғасырдың басында, яғни Алтын Орда дәуірінде Насреддин Рабғузидың «Қиссас-ул әнбия» деген атаумен көбірек мәлім «Қисса-и Рабғузи» деген қолжазба кітабы шықты. Шығарманың авторы – «Раббат оғыз» атты елді мекеннің қазысы, ғалым Насыреддин Бурханаддин Рабғузи. Насыреддин Бурханаддин Бұл туралы «Қысас ул әнбия» ескерткішінің